

Қызылсу ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 8 шешімі. Ақтөбе облысының Хромтау аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 18 желтоқсанда N 3-12-70 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөздері тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылдық округінің әкімінің 30.07.2015 № 04 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына және Сарысай, Қызылсу елді мекендері тұрғандарының пікірін ескере отырып 2008 жылғы 28 қазандағы № 1, № 2 конференциясы хаттамасына сәйкес, Қызылсу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылдық округі әкімінің 28.11.2017 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қызылсу ауылдық округіне қарасты елді мекендің атауы жоқ көшелерге атаулары берілсін.

Сарысай елді мекенінде:

- 1) Бірінші май көшесі;
- 2) В.Ф. Величко көшесі;
- 3) Ы. Алтынсарин көшесі;
- 4) Абай көшесі;
- 5) Ә. Молдағұлова көшесі;
- 6) Бейбітшілік көшесі;
- 7) Ә. Каржауов көшесі.

Қызылсу елді мекеніне:

- 1) Ә.Жәңгелді;
- 2) Бейбітшілік көшесі;
- 3) Ы.Алтынсарин көшесі;
- 4) Бірлік көшесі.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылсу ауылдық округ әкімі:

Н. Жүсіпова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК